

№45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы

*«Баланың бейімделу кезеңі»
Кеңес беру*

Ақтөбе-2025 жыл



Кеңес беру барысы

I. Кіріспе бөлім

Тәрбиешінің сөзі:

Құрметті ата-аналар!

Балабақшаға алғаш келген бала үшін жаңа ортаға үйрену оңай болмайды. Бұл кезең «бейімделу кезеңі» деп аталады. Әр бала бұл кезеңнен әртүрлі өтеді. Кейбірі тез үйренсе, кейбіріне уақыт қажет болады. Сондықтан балаға түсіністікпен қарап, қолдау көрсету өте маңызды.

II. Негізгі бөлім

Бейімделу дегеніміз не?

Бейімделу — баланың жаңа ортаға, жаңа адамдарға, күн тәртібіне үйрену процесі.

Бейімделу кезінде байқалатын жағдайлар:

Жылау; Анасына жиі жақындау;

Тамаққа тәбеттің төмендеуі;

Ұйқының бұзылуы;

Тұйықталу;

Ашуланшақтық.

Бұл — қалыпты жағдай. Уақыт өте келе бала ортаға үйрене бастайды.

Бейімделудің түрлері

Жеңіл бейімделу

Бала 1–2 аптада үйренеді;

Көңіл күйі тұрақты болады.

Орташа бейімделу

Үйрену уақыты 2–3 апта; Кейде жылау, мазасыздық байқалады.

Қиын бейімделу

Бала ұзақ уақыт үйрене алмайды;

Денсаулығында өзгерістер болуы мүмкін;

Психологиялық қолдау қажет.

Ата-аналарға кеңес

Баланы бейімдеуге көмектесетін тәсілдер:

Балабақша туралы жақсы әңгіме айту;

Күн тәртібін алдын ала үйрету;

Баланы қорқытпау;
Таңертең сабырлы көңіл күйде әкелу;
Қоштасуды ұзаққа созбау;
Баланы мақтап, қолдау көрсету.
Не істеуге болмайды?
«Тастап кетемін» деп қорқытуға;
Басқа балалармен салыстыруға;
Баланың көзінше уайымдауға;
Балабақша туралы жағымсыз сөз айтуға болмайды.

III. Психологиялық жаттығу

«Менің балам ерекше»

Ата-аналар өз баласының жақсы қасиеттерін айтып шығады.

Мысалы:

«Менің балам мейірімді»

«Өте ақылды»

«Көпшіл»

IV. Қорытынды бөлім

Қорытынды сөз:

Бейімделу кезеңі — уақытша кезең. Балаға мейірім, қолдау және түсіністік қажет. Балабақша мен ата-ана бірлесе жұмыс жасағанда ғана бала өзін қауіпсіз әрі жайлы сезінеді.

Ата-аналарға жадынама

✓ Балаңызды құшақтап, жақсы көретініңізді айтыңыз

✓ Балабақшаға уақытында әкеліңіз

✓ Тәрбиешімен тығыз байланыста болыңыз

✓ Баланың жетістігін мақтап отырыңыз

✓ Үйде тыныш әрі жылы атмосфера қалыптастырыңыз